

Өнеркәсіп саласындағы біліктілік талаптарына лицензиялау субъектілерінің сәйкестігін сараптамалық бағалауды жүзеге асыру үшін тәуелсіз сарапшыларды аккредиттеу ережесін бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 21 шілдедегі N 778 қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 22 желтоқсандағы № 1396 Қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2010.12.22 № 1396 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

"Лицензиялау туралы" Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 17 сәуірдегі Заңына сәйкес, лицензиялау субъектілерін сараптау кезінде тәуелсіз сараптамалық бағалауларды жүргізуді қамтамасыз ететін жағдайлар жасау және бәсекеге жарамды қызметтер көрсету рыногын қалыптастыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қоса беріліп отырған Өнеркәсіп саласындағы біліктілік талаптарына лицензиялау субъектілерінің сәйкестігін сараптамалық бағалауды жүзеге асыру үшін тәуелсіз сарапшыларды аккредиттеу ережесі бекітілсін.
2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
Ү к і м е т і н і ң
2 0 0 4 ж ы л ғ ы 2 1 ш і л д е д е г і
N 7 7 8 қ а у л ы с ы м е н
бекітілген

Өнеркәсіп саласындағы біліктілік талаптарына лицензиялау субъектілерінің сәйкестігін сараптамалық бағалауды жүзеге асыру үшін тәуелсіз сарапшыларды аккредиттеу ережесі

1. Жалпы ережелер

1. Лицензиялау субъектілерінің (өтініш берушілердің және (немесе) лицензиаттардың) біліктілік талаптарына сәйкестігін сараптамалық бағалауды жүзеге асыру үшін тәуелсіз сарапшыларды аккредиттеудің осы ережесі (бұдан

әрі - Ереже) "Лицензиялау туралы" Қазақстан Республикасының Заңына ,"
Өнеркәсіп саласындағы қызметтің лицензияланатын түрлеріне қойылатын
біліктілік талаптарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999
жылғы 10 мамырдағы N 556 қаулысына сәйкес әзірленді және лицензияланатын
қызмет түрлерін жүзеге асыру кезінде қойылатын біліктілік деңгейіне
лицензиялау субъектілерінің (өтініш берушілердің және (немесе)
лицензиаттардың) сәйкестігін сараптауды жүзеге асыру үшін, сондай-ақ
лицензиялау субъектілерінің біліктілік талаптары мен белгіленген ережелерді
сақтауын бақылау жүйелерін жетілдіру үшін тәуелсіз сарапшыларды тартумен
байланысты қатынастарды реттейді.

2 . Е р е ж е :

1) лицензиялау субъектілерін (өтініш берушілерді және (немесе)
лицензиаттарды) сараптауға тартылатын тәуелсіз сарапшыларды аккредиттеу
т ә р т і б і н ;

2) лицензиялау субъектілерін (өтініш берушілерді және (немесе)
лицензиаттарды) сараптауға тартылатын тәуелсіз сарапшыларға қойылатын
т а л а п т а р д ы ;

3) тәуелсіз сарапшылар қызметінің қағидаттарын белгілейді.

3. Аккредиттелген тәуелсіз сарапшыны таңдап алуды лицензиар
аккредиттеген тәуелсіз сарапшылар тізімінен лицензиялау субъектісі (өтініш
беруші және (немесе) лицензиат) жүзеге асырады.

4. Аккредиттеудің ұйымдастырушысы лицензиар болады.

5. Жүргізілуіне тәуелсіз сарапшыларды аккредиттеу жүзеге асырылатын
с а р а п т а у т ү р л е р і м ы н а л а р :

құжаттық сараптама - лицензиялау субъектісін біліктілік талаптары мен
лицензияланатын қызмет түрін жүзеге асыру үшін лицензиялау субъектілерінің
құқықтық, қаржылық, ұйымдастырушылық, еңбек мүмкіндіктерінің болуы
жөнінде белгіленген лицензиялық ережелерге сәйкестігі мәніне объективті және
д ұ р ы с т а л д а м а л ы б а ғ а л а у ;

техникалық сараптама - лицензиялау субъектісін біліктілік талаптары мен
лицензияланатын қызмет түрін жүзеге асыру үшін лицензиялау субъектісінің
өндірістік, техникалық мүмкіндіктерінің болуы жөнінде белгіленген
лицензиялық ережелерге сәйкестігі мәніне объективті және дұрыс талдамалы
бағалау. Техникалық сараптама кезінде жүргізілетін жұмыстардың сапасын
қамтамасыз ететін өндіріс шарттары бағаланады.

Сараптама (сараптамалық бағалау) объектілері:

1) сараптамалық бағалау үшін өтініш берушілер мен лицензиаттар ұсынатын
қ ұ ж а т т а р м е н м а т е р и а л д а р ;

2) материалдық-техникалық және өндірістік базалар;

3) жұмыстардың орындалу сапасын бақылауға арналған аспаптар мен ж а б д ы қ т а р ;

4) жұмыстарды жүргізу кезінде еңбекті қорғау мен техникалық қауіпсіздік ж ү й е с і ;

5) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес басқа да объектілер.

6. Осы Ережеде мынадай ұғымдар мен терминдер пайдаланылады: өтініш беруші - қызметтің лицензияланатын түрлерін жүзеге асыруға тілек білдірген және лицензиарға заңнамада белгіленген тәртіппен құжаттарды ұсынатын жеке немесе заңды тұлға;

лицензиар - лицензияны беретін, қайта ресімдейтін, оның қолданылуын тоқтата тұратын, тоқтататын және жаңғыртатын уәкілетті мемлекеттік орган ;

лицензиат - қызметтің белгілі бір түрімен айналысу немесе белгілі бір әрекеттерді (операцияларды) жасау құқығына лицензиясы бар жеке немесе заңды т ұ л ғ а ;

тәуелсіз сарапшы - өтініш берушінің біліктілік талаптарына сәйкестігі мәніне білікті қорытынды, сондай-ақ лицензиаттардың олардың біліктілік талаптары мен белгіленген лицензиялық ережелерді сақтауы жөніндегі қызметіне баға беретін жеке немесе заңды тұлға;

сараптамалық бағалау (сараптама) - лицензиялау субъектісінің біліктілік талаптары мен белгіленген лицензиялық ережелерге сәйкестігі мәніне объективті және дұрыс талдамалы баға алу үшін жүргізілетін бағалау әрекеттері мен тұжырымдарының жүйесі.

2. Тәуелсіз сараптаманың негізгі қағидаттары

7. Тәуелсіз сараптаманың негізгі қағидаттары:

1) сарапшылардың бағаланатын лицензиялау субъектілеріне, мемлекеттік органдарға, оның ішінде лицензиарға да тәуелсіздігі;

2) сараптамалық бағалау тұжырымдары мен нәтижелерінің риясыздығы мен о б ь е к т и в т і л і г і ;

3) тәуелсіз сарапшылардың құзыреттілігі және жоғары кәсіби деңгейі;

4) тәуелсіз сарапшылар тұжырымдарының толықтығы мен дұрыстығы;

5) лицензиялау субъектінің қызметінен болатын экономикалық, құқықтық, экологиялық және әлеуметтік салдарларды кешенді бағалау;

6) егер Қазақстан Республикасының заңнамасымен өзгеше белгіленбесе, сараптау барысында алынған лицензиялау субъектісі туралы ақпараттың қ ұ п и я л ы л ы ғ ы ;

7) Қазақстан Республикасының заңнамалық кесімдерімен белгіленген тәуелсіз сараптама тұжырымдарының дұрыстығы, толықтығы және негізділігі үшін жауапкершілік болып табылады.

3. Тәуелсіз сарапшыларды аккредиттеу тәртібі

8. Лицензиялау субъектілерін сараптамалық бағалауды жүзеге асыру мақсатында аккредиттеуді алу үшін тәуелсіз сарапшылар мынадай құжаттарды ұ с ы н а д ы :

1) жеке тұлғаның немесе заңды тұлғаның бірінші басшысының, не олар уәкілеттік берген өкілдің қолы қойылған, заңды тұлғаның мөрімен куәландырылған өтініш (жеке тұлға үшін мөрдің болуы талап етілмейді);

2) заңды тұлға үшін - құрылтай құжаттарының, тіркеу туралы куәліктің к ө ш і р м е л е р і ;

3) жеке тұлға және жеке кәсіпкер үшін - жеке кәсіпкер куәлігінің көшірмесі;

4) сарапшының біліктілігін растайтын, Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасы мен көзделген куәліктердің, лицензиялардың, сертификаттардың және/немесе басқа да құжаттардың көшірмелері;

5) жеке тұлғаның да, заңды тұлға қызметкерлерінің де тиісті мамандық бойынша жұмыс стажын растайтын еңбек кітапшаларының немесе өзге де құ ж а т т а р д ы ң к ө ш і р м е л е р і ;

6) тәуелсіз сарапшының біліктілігі туралы (Ереженің 1-қосымшасына сәйкес нысан бойынша) мәліметтер.

Ескерту. 8-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2010.06.18 № 613 Қ а у л ы с ы м е н .

9. Лицензиар аккредиттелген тәуелсіз сарапшылардың - жеке және заңды тұлғалардың бөлек тізілімін жүргізеді.

10. Тәуелсіз сарапшыларды аккредиттеу лицензиардың бұйрығымен ресімделеді, соның негізінде аккредиттелген тәуелсіз сарапшыға аккредиттеу куәлігі (Ереженің 2-қосымшасына сәйкес нысан бойынша) берілуі.

11. Аккредиттелген тәуелсіз сарапшылар лицензиялау субъектілерін сараптамалық бағалауды Қазақстан Республикасының заңнамасына және осы Ережеге сәйкес жүзеге асырады.

12. Лицензиар аккредиттеу куәлігін алуға өтініштер мен құжаттарды қабылдаған сәттен бастап бір ай мерзімнен кешіктірмей, ал шағын кәсіпкерлік субъектілері үшін - он күндік мерзімнен кешіктірмей оларды өзінің шешімі туралы х а б а р д а р е т е д і .

13. Аккредиттеу куәлігі қолданылу мерзімі шектеусіз беріледі (бас).

14. Аккредиттеу туралы не аккредиттеуден бас тарту туралы шешім заңнамамен белгіленген тәртіппен шағымдалуы мүмкін.

4. Аккредиттеу куәлігінің қолданылуын тоқтата тұру мен тоқтату және қайтарып алу

15. Аккредиттелген сарапшылар кемінде үш жылда бір рет аккредиттеу саласындағы біліктілікті растауға қайта аттестаттаудан өтеді және сараптамалық қызмет бойынша жыл сайын есеп береді.

16. Тәуелсіз сарапшы осы Ереженің 15-тармағында көзделген талаптарды орындамаған жағдайда лицензиар аккредиттеу куәлігінің қолданылуын алты айға дейінгі мерзімге тоқтата тұруы мүмкін.

Лицензиар аккредиттеу куәлігінің қолданылуын тоқтатқан себептерді жойған және лицензиарға бұл туралы жазбаша хабарлаған кезде аккредиттеу куәлігінің қолданылуы жаңғыртылады.

17. Аккредиттеу куәлігінің қолданылуын тоқтата тұру туралы шешімге тәуелсіз сарапшы сот тәртібімен шағымдануы мүмкін. Соттың аккредиттеу куәлігінің қолданылуын тоқтата тұрудың заңдылығы туралы шешімі кезінде оны тоқтата тұру мерзімі мұндай шешімді лицензиар қабылдаған күннен бастап саналсын.

18. Аккредиттеу куәлігі өзінің қолданылуын мынадай:

- 1) аккредиттеу куәлігі қайтарып алынған;
- 2) жеке кәсіпкердің кәсіпкерлік қызметі тоқтатылған, заңды тұлға қайта ұйымдастырылған (ұйымдастыру-құқықтық нысанын өзгертуді қоспағанда) немесе таратылған;
- 3) тәуелсіз сарапшы сараптамалық қызметті тоқтату туралы мәлімдеген жағдайларда тоқтатады.

19. Заңды тұлғаның қайта тіркелуі кезінде аккредиттеу куәлігі өзінің қолданылуын тоқтатпайды.

20. Аккредиттеу куәлігінің қолданылуы тоқтатылуына байланысты даулар Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес шешіледі.

21. Аккредиттеу куәлігін Лицензиар:

- 1) лицензиар олар бойынша аккредиттеу куәлігінің қолданылуын тоқтата тұрған себептерді тәуелсіз сарапшы жоймаған;
- 2) тәуелсіз сарапшыға сот жүзеге асырылуына оның аккредиттеу куәлігі бар қызмет түрімен айналысуына тыйым салған;
- 3) тәуелсіз сарапшы аккредиттеу куәлігін алу кезінде көрінеу жалған ақпарат ұсынған жағдайларда сот тәртібімен қайтарып алуы мүмкін.

Өнеркәсіп саласындағы біліктілік талаптарына лицензиялау субъектілерінің сәйкестігін сараптамалық бағалауды жүзеге асыру үшін тәуелсіз сарапшыларды аккредиттеу ережесіне
1-қосымша

Тәуелсіз сарапшының біліктілігі туралы мәліметтер (лицензиялау субъектілерінің сараптамалық бағалауын жүргізу үшін аккредитация алуға тілек білдірген тәуелсіз сарапшы толтырады)

1. Қатысушының атауы және заңдық мәртебесі:

_____ (заңды тұлғаның немесе жеке кәсіпкердің мем. тіркелуі туралы құжаттың көшірмесі қоса берілсін)

2. Тіркеу орны: _____

3. Қызмет орнының, оның ішінде филиалдар мен өкілдіктердің мекен-жайы мен негізгі орны _____

4. Лицензия _____

(қызмет түрі, N және берілу күні, лицензияның көшірмесі қоса берілсін)

5. Соңғы жылдар ішінде тәуелсіз сарапшы көрсеткен қызметтердің жыл сайынғы көлемі.

6. Тәуелсіз сарапшы ұсынымдар жасаған, кейіннен практикаға енгізілген жұмыстардың тізбесі (1-кесте).

1 - к е с т е

Р/с	Объектілердің атауы мен орналасқан жері	Тапсырысшылардың атауы	Жұмыстардың мақсаты, сипаттамасы және ұсынымдардың мәні
-----	---	------------------------	---

7. Тәуелсіз сарапшының жетекші штаттық қызметкерлерінің, ішінде келісім-шарт бойынша кемінде бір жыл жұмыс істейтін соның қызметкерлерінің біліктілігі мен тәжірибесі (2-кесте).

2 - к е с т е

Р/с	Т.А.Ә.	Лауазымы	Білімі	Лицензиялардың	Ұқсас	Әлеуетті
-----	--------	----------	--------	----------------	-------	----------

N				сертификаттардың,	объектілер.	сарапшы
				дипломдардың,	де жұмыс	жария.
				куәліктердің	тәжірибесі	лаған
				және т.б. болуы	(жыл)	кітаптар,
						мақалалар,
						зерттеулер

8. Ұсынымдар мен сын-пікірлер туралы мәліметтер.

9. Техникалық жаратандыру туралы мәліметтер.

10. Өтінішке қол қою құқығына уәкілеттік берілген өкілге сенімхат (қоса берілісін) .

11. Біліктілік туралы барлық мәліметтердің дұрыстығын растаймын.

Лауазымы _____

Қолы _____ (ТАӘ) _____

МО

Өнеркәсіп саласындағы біліктілік талаптарына лицензиялау субъектілерінің сәйкестігін сараптамалық бағалауды жүзеге асыру үшін тәуелсіз сарапшыларды аккредиттеу ережесіне
2-қосымша

Тәуелсіз сарапшыны аккредиттеу туралы аккредиттеу куәлігі

Сараптаманы жүзеге асыруға және лицензиялау субъектісінің (лицензиаттың/өтініш берушінің) біліктілік талаптарына ("Лицензиялау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 15-бабы) сәйкестігін белгілеуге

Аккредиттеу саласы _____

Филиалдар, өкілдіктер _____
(орналасқан жері, деректемелері)

Аккредиттеу туралы куәлікті берген орган _____

(т о л ы қ а т а у ы)

Басшы (уәкілетті тұлға) _____
(т е г і ж ә н е а т ы - ж ө н і)

Аккредиттеу туралы куәлікті қолданудың ерекше шарттары

Берілген күні _____

Куәліктің нөмірі _____ қаласы

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК